

Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 246 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 20 желтоқсанда № 17972 болып тіркелді.

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5 т. қараңыз

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне валюталық реттеу және валюталық бақылау, қаржы ұйымдарының қызметін тәуекелге бағдарланған қадағалау, қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2018 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында және "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Өзгерістер мен толықтыру енгізілетін Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) бекітілсін.

2. Банктерді қадағалау департаменті (Қизатов О.Т.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.А. Смоляковқа жүктелсін.

5. Осы қаулы, Тізбенің 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 2, 4, 5, 6, 7 және 8-тармақтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Д. Ақышев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті

2018 жылғы "___" _____

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2018 жылғы 29 қазандағы
№ 246 қаулысына
қосымша

Өзгерістер мен толықтыру енгізілетін Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің вексельдер есебін жүргізу ережесін бекіту жөнінде" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 15 қарашадағы № 396 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1015 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің вексельдерді есепке алуы қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің вексельдерді есепке алуы қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің вексельдер есебін жүргізу ережесінде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің вексельдерді есепке алуы қағидалары";

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"Осы Қағидалар "Қазақстан Республикасындағы вексель айналысы туралы", "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің (бұдан әрі - банктер) аударым және жай коммерциялық вексельдерін (бұдан әрі - вексельдер) есепке алу тәртібін реттейді.";

1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"1. Осы Қағидаларда пайдаланылатын ұғымдар:";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Форфейтинг - банктің вексельді индоссамент бойынша клиентке (өзінің индоссантына) регресс құқығынсыз вексель сомасын төлеп қабылдауы (сатып алуы). Банк форфейтинг операцияларын жүргізуге тек қаржы нарығы мен қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) форфейтинг операцияларын жүргізуге лицензиясы болса ғана құқылы. Форфейтинг операциясын жүргізген кезде банк сондай-ақ вексель сомасынан дисконт ұстап қалуға құқылы.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"8. Вексель егер оның деректемелері "Қазақстан Республикасындағы вексель айналысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 1-9, 32, 74, 75-баптарына сай болса жарамды болып саналады. Вексель мәтінін тексеру тәртібі осы Қағидалардың 4-тарауында белгіленген.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"11. Операциялар жүргізудің жалпы талаптары туралы ережеге банк вексельдерді есепке алуға қабылдаудың мынадай талаптарын кіргізуге құқылы:

1) вексель бойынша міндетті адамдардың санына талаптар, яғни вексельде өткізіп беру жазуларының (индоссаменттердің) белгіленген ең жоғары мөлшерінің болуы;

2) төлеушіге немесе вексель бойынша міндетті басқа адамға авальдің болуы (авалистің төлем қабілеті);

3) аударма вексельдері үшін өтеудің болуы;

4) осы Қағидаларға және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа талаптар.";

15-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"2) осындай тәсілмен есепке алынған барлық вексельдерді осы Қағидалардың нормаларына сәйкес қатаң жіктеу болып табылады.";

21 және 22-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"21. Вексель мәтінін және осы Қағидаларда көзделген басқа іс-жосықтың сақталуын тексергеннен кейін банк вексельдерді есепке алуға қабылдау туралы шешім қабылдайды. Аталған шешімді вексельде көрсетілген сомаға банктің кредит беруге өкілетті тиісті органы қабылдайды.

22. Вексельді есепке алуға қабылдау немесе одан бас тарту туралы банк шешім қабылдауға міндетті мерзімді банк операциялар жүргізудің жалпы талаптары туралы ережеде белгілейді. Аталған мерзім осы Қағидалардың 16-тармағында көрсетілген құжаттардың толық пакетін берген күннен бастап он банктік күннен аспауы керек.";

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"26. Банк деректемелері заң талабына сай вексельдерді есепке алуға қабылдайды. Егер вексельде осы Қағидалардың 27, 31-тармақтарында көрсетілген деректемелер болмаса, банк оны есепке алуға қабылдаудан бас тартуға міндетті.";

27-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"27. Есепке алуға ұсынылған аударма вексельдің мәтінінде осы Қағидалардың 28-30-тармақтарында көзделгеннен басқа жағдайларда мына деректемелер:";

31-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"31. Есепке алуға ұсынылатын жай вексельдің мәтінінде осы Қағидалардың 32-34-тармақтарында көрсетілгеннен басқа жағдайларда мына деректемелер:";

47-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"47. Банк есепке алған және өзінің порфеліндегі вексельдермен мынадай операцияларды:

1) төлем мерзімі басталғанда вексель бойынша төлем алуды;

2) вексельді индоссамент жасауды жүзеге асыруға құқылы.";

50-тармақ алып тасталсын;

51-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"51. Валюталық операциялар жүргізуге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар есеп жүргізу кеңселері (банктер) римессаны тек қана одан әрі шетел кредиторына олардың алдындағы берешекті өтеуге беру үшін пайдалана алады.";

53-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

"53. Банк осы Қағидалардың талаптарын орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен жауапкершілік атқарады.

Осы Қағидалармен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі."

2. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.11.2019 № 196 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. "Сауда-саттықты ұйымдастырушы үшін пруденциалдық нормативтердің мәндерін есеп айырысу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 29 наурыздағы № 41 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6207 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сауда-саттықты ұйымдастырушы үшін пруденциалдық нормативтердің мәндерін есеп айырысу қағидалары мен әдістемелерін бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Сауда-саттықты ұйымдастырушы үшін пруденциалдық нормативтердің мәндерін есеп айырысу қағидалары мен әдістемелері бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Сауда-саттықты ұйымдастырушы үшін пруденциалдық нормативтердің мәндерін есеп айырысу қағидаларында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сауда-саттықты ұйымдастырушы үшін пруденциалдық нормативтердің мәндерін есеп айырысу қағидалары мен әдістемелері";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Сауда-саттықты ұйымдастырушы үшін пруденциалдық нормативтердің мәндерін есеп айырысу қағидалары мен әдістемелері "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі, "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және сауда-саттықты ұйымдастырушы үшін пруденциалдық нормативтердің мәндерін есеп айырысу тәртібі мен әдістемелерін белгілейді.

Осы Қағидалар дауыс беруші акцияларының жалпы санының жиырма бес пайызынан астамы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі сауда-саттықты ұйымдастырушыға 3-тармақта белгіленген талаптар бөлігінде қолданылады.";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. "Капиталдың барынша төмен мөлшері" пруденциалдық нормативі";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. "Меншікті капиталдың жеткіліктілігі" пруденциалдық нормативін есеп айырысу әдістемесі";

6-тармақтың екінші бөлімінің 2) тармақшасының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) осы Қағидаларға 1-қосымшаға (бұдан әрі - 1-қосымша) сәйкес нысан бойынша Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген сауда-саттықты

ұйымдастырушы активтерінің кестесіне, осы Қағидаларға 2-қосымшаға (бұдан әрі - 2-қосымша) сәйкес нысан бойынша Кредиттік тәуекел деңгейі бойынша мөлшерленген сауда-саттықты ұйымдастырушының шартты және ықтимал міндеттемелерінің кестесіне, осы Қағидаларға 3-қосымшаға (бұдан әрі - 3-қосымша) сәйкес нысан бойынша Кредиттік тәуекелді ескеріп мөлшерленген, туынды қаржы құралдарын ашып жазуға сәйкес КТ - осы Қағидаларға 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес кредиттік тәуекел деңгейі бойынша мөлшерленген активтердің, шартты және ықтимал міндеттемелердің, туынды қаржы құралдарының сомасы ретінде есептелетін кредиттік тәуекел.";

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. "Ағымдағы өтімділік" пруденциалдық нормативін есеп айырысу әдістемесі";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. К2 - сауда-саттықты ұйымдастырушының ағымдағы өтімділігінің коэффициенті 0,015 кем еместі құрайды.

Сауда-саттықты ұйымдастырушы К2 коэффициенті мәнінің есебін осы Қағидаларға 4-қосымшаға (бұдан әрі - 4-қосымша) сәйкес нысан бойынша К2 ағымдағы өтімділік коэффициентін ашып жазуға сәйкес ай сайын есептік айдың соңғы жұмыс күнінің соңындағы жағдай бойынша жүргізеді.";

10-тармақ алып тасталсын;

11-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Сауда-саттықты ұйымдастырушы осы Қағидаларға 1, 2 3-қосымшаларға сәйкес К1 коэффициенті мәнінің есебін, осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес К2 коэффициенті мәнінің есебін, сондай-ақ осы Қағидаларға 5-қосымшаға (бұдан әрі - 5-қосымша) сәйкес нысан бойынша Пруденциалдық нормативтерді орындау туралы есепті уәкілетті органға тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей осы Қағидаларға қосымшалардың мынадай нысандары бойынша ұсынады:";

12-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Қағаз тасымалдағыштағы К1, К2 коэффициенттері мәнінің есебіне және пруденциалдық нормативтерді есептеуге арналған қосымша мәліметтерге есепті күнге жағдай бойынша сауда-саттықты ұйымдастырушының бірінші басшысы, бас бухгалтері немесе есепке қол қоюға уәкілетті тұлғалар және орындаушы қол қояды және уәкілетті органға ұсынылады, сондай-ақ сауда-саттықты ұйымдастырушыда сақталады.";

1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген сауда-саттықты ұйымдастырушы активтерінің кестесі Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Кредиттік тәуекел деңгейі бойынша мөлшерленген сауда-саттықты ұйымдастырушының шартты және ықтимал міндеттемелерінің кестесі Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Кредиттік тәуекелді ескеріп мөлшерленген, туынды қаржы құралдарын ашып жазу Тізбеге 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша К2 ағымдағы өтімділік коэффициентін ашып жазу Тізбеге 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Пруденциалдық нормативтерді орындау есебі осы Тізбеге 6-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

4. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2019 № 261 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 07.04.2026 № 58 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Күші жойылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 30.03.2020 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. "Тұрақтандыру банкін басқару, оларды жасасуға қатысты ерекше шарттар белгіленген мәмілелерді жасасу, консервациялау режиміндегі банктің активтері мен міндеттемелерін тұрақтандыру банкіне беру жөніндегі операцияны жүргізу, тұрақтандыру банкінің активтер мен міндеттемелерді сатып алушы банкке беру қағидаларын, сондай-ақ тұрақтандыру банкіне берілуге жататын активтер мен міндеттемелердің түрлерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 312 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14785 болып тіркелген, 2017 жылғы 16 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Тұрақтандыру банкін басқару, жасалуына қатысты ерекше шарттар белгіленген мәмілелерді жасасу, төлемге қабілетсіз банктің активтері мен міндеттемелерін тұрақтандыру банкіне беру жөніндегі операцияны жүргізу, тұрақтандыру банкінің активтер мен міндеттемелерді уәкілетті орган айқындайтын басқа банкке беру қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Тұрақтандыру банкін басқару, жасалуына қатысты ерекше шарттар белгіленген мәмілелерді жасасу, төлемге қабілетсіз банктің активтері мен міндеттемелерін тұрақтандыру банкіне беру жөніндегі операцияны жүргізу, тұрақтандыру банкінің активтер мен міндеттемелерді уәкілетті орган айқындайтын басқа банкке беру қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Тұрақтандыру банкін басқару, оларды жасасуға қатысты ерекше шарттар белгіленген мәмілелерді жасасу, консервациялау режиміндегі банктің активтері мен міндеттемелерін тұрақтандыру банкіне беру жөніндегі операцияны жүргізу, тұрақтандыру банкінің активтер мен міндеттемелерді сатып алушы банкке беру қағидаларында, сондай-ақ тұрақтандыру банкіне берілуге жататын активтер мен міндеттемелердің түрлерінде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Тұрақтандыру банкін басқару, жасалуына қатысты ерекше шарттар белгіленген мәмілелерді жасасу, төлемге қабілетсіз банктің активтері мен міндеттемелерін тұрақтандыру банкіне беру жөніндегі операцияны жүргізу, тұрақтандыру банкінің активтер мен міндеттемелерді уәкілетті орган айқындайтын басқа банкке беру қағидалары";

1, 2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Тұрақтандыру банкін басқару, жасалуына қатысты ерекше шарттар белгіленген мәмілелерді жасасу, төлемге қабілетсіз банктің активтері мен міндеттемелерін тұрақтандыру банкіне беру жөніндегі операцияны жүргізу, тұрақтандыру банкінің активтер мен міндеттемелерді уәкілетті орган айқындайтын басқа банкке беру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Банктер туралы заң) сәйкес әзірленді және тұрақтандыру банкін басқару, жасалуына қатысты ерекше шарттар белгіленген мәмілелерді жасасу тәртібін, төлемге қабілетсіз банктің (бұдан әрі - банк) активтері мен міндеттемелерін тұрақтандыру банкіне беру жөніндегі операцияны жүргізу, тұрақтандыру банкінің активтер мен міндеттемелерді қаржы нарығын мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) айқындайтын басқа банкке (бұдан әрі - сатып алушы) беру шарттары мен тәртібін айқындайды.

2. Банкті басқару жөніндегі уақытша әкімшілік (банкті уақытша басқарушы) банктің активтері мен міндеттемелерін тұрақтандыру банкіне беру жөніндегі операцияны жүргізу үшін, оның ішінде банктің активтері мен міндеттемелерінің бір бөлігін немесе толық мөлшерде бір мезгілде басқа банкке (банктерге) беру операциясын жүзеге асыруға мүмкін болмаған жағдайда уәкілетті органға өтініш жасайды.

3. Банкті басқару жөніндегі уақытша әкімшілік (банкті уақытша басқарушы) активтерді бағалайды және тұрақтандыру банкі қызметінің жоспарын әзірлейді.";

6-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Банктер туралы заңның 61-12-бабының 4-тармағында белгіленген талаптарды ескере отырып, міндеттемелерді орындау;"

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Төлемге қабілетсіз банктің активтері мен міндеттемелерін тұрақтандыру банкіне беру жөніндегі операцияны жүзеге асырудың шарттары мен тәртібі";

15-тармақ алып тасталсын;

17 және 18-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Тұрақтандыру банкі қабылданатын активтер мен міндеттемелердің көлемін айқындағаннан кейін тұрақтандыру банкі мен банктің арасында тапсыру актісін қоса бере отырып қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалған активтер мен міндеттемелерді беру шартына қол қойылады.

Банктің активтері мен міндеттемелерін тұрақтандыру банкіне беру жөніндегі операцияны жүргізу күні тапсыру актісін ресімдеу кезінде онда мынадай мәліметтер көрсетіледі:

атауын, түгендеу нөмірін (бар болса), баланстық құнын, банктің активтері есепке жазылған банк шоттарының нөмірлерін (қажет болғанда), банктің меншік құқығын растайтын құжаттарды (қажет болғанда) көрсете отырып банктің берілетін активтерінің мөлшері мен тізбесі;

қарыз алушы-жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (ол бар болса), қарыз алушы-занды тұлғаның атауын, қарыздар бойынша негізгі борышты, банктік қарыз шарттарының жасалған күндері мен нөмірлерін, банктік қарыз шарттарының қолданылу мерзімін, банктік қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемелерін, банк банктік қарыздар бойынша есептеген және алған сыйақы сомаларын көрсете отырып, банктік қарыздар бойынша берілетін талап ету құқықтарының құны мен тізбесі;

депозитор-жеке тұлғалардың тегін, атын, әкесінің атын (ол бар болса), депозитор-занды тұлғалардың атауын, депозиттар сомасы есепке жазылған банк шоттарының нөмірлерін, депозит сомасын, банктік шот және (немесе) банктік салым шартының жасалған күні мен нөмірін, шарттың қолданылу мерзімін, салым бойынша сыйақы мөлшерлемесін көрсете отырып берілетін, оның ішінде депозиттер бойынша міндеттемелер тізбесі мен мөлшері;

клиенттер, олардың операциялары және банктің операциялары туралы ақпарат, бастапқы құжаттар, клиенттермен орнатылған өзара қарым-қатынастар тарихы және қабылданатын активтер мен міндеттемелер бойынша құқықтар мен міндеттемелерді тиісінше орындау үшін қажетті өзге ақпарат қамтылған берілетін дерекқор (оның ішінде қағаз нысандағы құжаттардың мұрағат қоймаларының) тізбесі.

18. Банк міндеттемелерін тұрақтандыру банкіне беру Банктер туралы заңның 74-2-бабында көзделген кредиторлардың талаптарын қанағаттандырудың кезектілігін сақтай отырып жүзеге асырылады.";

24-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) өтінімдер берген күнге 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 213-бабының алтыншы, сегізінші бөліктерінде, 227-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтары үшін

орындалмаған әкімшілік жазалар, уәкілетті орган қолданған қадағалап ден қою шаралары (қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шараларынан басқа) және санкциялар жоқ;" .

8. "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының қаржылық жағдайының нашарлауына ықпал ететін өзге де факторларды белгілеу, сондай-ақ Ертерек ден қою шараларын қолдану қағидаларын және Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (сақтандыру тобының) қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторларды анықтау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 сәуірдегі №75 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16944 болып тіркелген, 2018 жылғы 6 маусымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторларды белгілеу, сондай-ақ Ерте ден қою шараларын көздейтін іс-шаралар жоспарын мақұлдау қағидаларын және Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (сақтандыру тобының) қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторларды айқындау әдістемесін бекіту туралы";

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін мынадай факторлар белгіленсін:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативінің төмендеуі;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өтімділігі жоғары активтердің жеткіліктілігі нормативінің төмендеуі;

3) сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуін ескере отырып сақтандыру резервтерінің жалпы сомасын өтеу үшін активтердің жеткіліксіз болуы;

4) талап етілетін капитал сомасының валюталық тәуекелді өтеу үшін жеткілікті болуы;

5) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "B-" және одан төмен ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе Moody's Investors Service және Fitch агенттіктерінің (бұдан әрі - басқа рейтингтік агенттіктер) осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар екінші деңгейдегі банктердегі және осы банктердің үлестес тұлғаларындағы бағалы қағаздарға ("кері РЕПО" операцияларын ескере отырып), салымдарға және ақшаға (күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде) жалпы жиынтық орналастырудың ұлғаюы;

6) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "B-" және одан төмен ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар екінші деңгейдегі бір банктегі және осы банктің үлестес

тұлғаларындағы бағалы қағаздарға ("кері РЕПО" операцияларын ескере отырып), салымдарға және ақшаға (күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде) жиынтық орналастырудың ұлғаюы;

7) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының шығынды қызметі;

8) қайта сақтандырушының үлесін ескермегендегі аралас коэффициенттің ұлғаюы;

9) жалпы және әкімшілік шығыстар, сақтандыру қызметі бойынша комиссиялық сыйақы төлеу шығыстары және өзге шығыстар сомасының сақтандыру (қайта сақтандыру) шартын бұзуға байланысты шығыстар сомасына азайтылған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы кірістерінің сомасына арақатынасының асуы;

10) сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша мерзімі өткен дебиторлық берешектің жалпы сомасының (күнсыздануға резервтерді шегергенде) қайта сақтандыру активтерін шегергендегі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтерінің сомасына арақатынасының асуы.

2. Сақтандыру тобының қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін мынадай факторлар белгіленсін:

1) сақтандыру тобының төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативінің төмендеуі;

2) сақтандыру тобы қатысушысының (қатысушыларының) балансы бойынша меншікті капиталының олардың баланс бойынша жарғылық капиталының мөлшерінен төмендеуі;

3) сақтандыру тобының қатысушылары арасындағы мәмілелер көлемінің асуы.";

3-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Ерте ден қою шараларын көздейтін іс-шаралар жоспарын мақұлдау қағидалары;"

көрсетілген қаулымен бекітілген Ерте ден қою шараларын қолдану қағидалары Тізбеге 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (сақтандыру тобының) қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторларды айқындау әдістемесінде:

2-тармақ алып тасталсын;

4-тармақтың 4) тармақшасы алып тасталсын.

Өзгерістер мен толықтыру
енгізілетін Қазақстан
Республикасының қаржы
нарығын реттеу мәселелері
бойынша нормативтік құқықтық
актілерінің тізбесіне 1-қосымша

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.11.2019 № 196 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Өзгерістер мен толықтыру
енгізілетін Қазақстан

Республикасының қаржы
нарығын реттеу мәселелері
бойынша нормативтік құқықтық
актілерінің тізбесіне 2-қосымша
Сауда-саттықты
ұйымдастырушы үшін
пруденциалдық нормативтердің
мәндерін есеп айырысу
қағидалары мен әдістемелеріне
1-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген сауда-саттықты ұйымдастырушы активтерінің кестесі Есепті кезең: 20 ____ жылғы " ____ " _____ жағдай бойынша

Индекс: ТА-1_ОТ

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Ұсынады: сауда-саттықты ұйымдастырушы

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей

Нысан

сауда-саттықты ұйымдастырушының атауы
(мың теңгемен)

№	Баптардың атауы	Сома	Тәуекел деңгейі пайызбен	Есепке арналған сома
I топ				
1.	Қолма-кол теңге		100	
2.	Standard & Poor's агенттігінің "AA-" төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің қолма-кол шетел валютасы		100	
3.	Тазартылған бағалы металдар		100	
4.	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдар		100	
	Standard & Poor's агенттігінің "AA-"			

5.	төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріндегі салымдар		100	
6.	Standard & Poor's агенттігінің "AA-" төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарындағы салымдар		100	
7.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің дебиторлық берешегі		100	
8.	Қазақстан Республикасының жергілікті билік органдарының салықтар мен бюджетке басқа төлемдер бойынша дебиторлық берешегі		100	
9.	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары		100	
10.	"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы шығарған бағалы қағаздар		100	

11.	Standard & Poor's агенттігінің "AA-" төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ш е т мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар		100	
12.	Standard & Poor's агенттігінің "AA-" емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар		100	
II топ				
13.	Standard & Poor's агенттігінің "AA-" төмен тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің және тиісті рейтингілік бағасы жоқ елдердің қолма-қол шетел валютасы		100	
14.	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің корреспонденттік шоттарындағы ақша		100	
15.	Standard & Poor's агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің		100	

	бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріндегі салымдар			
16.	Standard & Poor's агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарындағы салымдар		100	
17.	Standard & Poor's агенттігінің "AA-" төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдардағы салымдар		100	
18.	Standard & Poor's агенттігінің "AA-" төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдардың корреспонденттік шоттарындағы ақша		100	
19.	Тәуекелдің I тобына жатқызылған дебиторлық берешекті қоспағанда, Қазақстан Республикасының жергілікті билік органдарының дебиторлық берешегі		100	

20.	Standard & Poor's агенттігінің "AA-" төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдардың дебиторлық берешегі		100	
21.	Standard & Poor's агенттігінің "A+"-тен "A-"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтері шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар		100	
22.	Standard & Poor's агенттігінің "A+"-тен "A-"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар		100	
23.	Қазақстан Республикасының жергілікті билік органдары шығарған бағалы қағаздар		100	
24.	Standard & Poor's агенттігінің "AA-" төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас		100	

	деңгейдегі рейтингі бар елдердің жергілікті билік органдары шығарған бағалы қағаздар			
25.	Standard & Poog's агенттігінің "AA-" төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдар шығарған бағалы қағаздар		100	
26.	Сауда-саттықты ұйымдастырушы баланста ұстап тұратын және Standard & Poog's агенттігінің "AAA"-дан "AA-"-ке дейінгі кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poog's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша "kzAAA"-дан "kzAA-"-ке дейінгі рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі б а р секьюритилендіру позициялары		100	
III топ				
27.	Тазартылмаған бағалы металдар		100	
28.	"Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамы шығарған		100	

	борыштық бағалы қағаздар			
29.	Standard & Poor's агенттігінің "BBB+" -тен "BBB-"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріндегі салымдар		100	
30.	Standard & Poor's агенттігінің "BBB+" -тен "BBB-"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарындағы салымдар		100	
31.	Standard & Poor's агенттігінің "A+"-тен "A-"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдардағы салымдар		100	
32.	Standard & Poor's агенттігінің "A+"-тен "A-"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдардың корреспонденттік шоттарындағы ақша		100	
	Standard & Poor's агенттігінің "			

33.	<p>A+"-тен "A"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдардың дебиторлық берешегі</p>		100	
34.	<p>Standard & Poor's агенттігінің "BBB+"-тен "BBB-"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтері шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар</p>		100	
35.	<p>Standard & Poor's агенттігінің "BBB+"-тен "BBB-"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар</p>		100	
36.	<p>Standard & Poor's агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің жергілікті билік органдары шығарған бағалы қағаздар</p>		100	

37.	Standard & Poor's агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдар шығарған бағалы қағаздар		100	
38.	Сауда-саттықты ұйымдастырушы баланста ұстап тұратын және Standard & Poor's агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша "kzA+"-тен "kzA"-ке дейінгі рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі б а р секьюритилендіру позициялары		100	
IV топ				
39.	Standard & Poor's агенттігінің "BB+"-тен "B"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар және тиісті рейтингілік бағасы		100	

	<p>жоқ елдердің орталық банктеріндегі салымдар</p>			
40.	<p>Standard & Poor's агенттігінің "BB+"-тен "B-"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарындағы және тиісті рейтингілік бағасы жоқ халықаралық қаржы ұйымдарындағы салымдар</p>		100	
41.	<p>Standard & Poor's агенттігінің "A-" төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент ұйымдарындағы, тиісті рейтингілік бағасы жоқ Қазақстан Республикасының резидент ұйымдарындағы және Standard & Poor's агенттігінің "BBB+"-тен "BB-"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының</p>		100	

	бейрезидент ұйымдарындағы салымдар			
42.	Standard & Poor's агенттігінің "A-" төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент ұйымдарының, тиісті рейтингілік бағасы жоқ Қазақстан Республикасының резидент ұйымдарының және Standard & Poor's агенттігінің "BBB+" -тен "BB-"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдарының корреспонденттік шоттарындағы ақша		100	
43.	Standard & Poor's агенттігінің "A-" төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент ұйымдарының, тиісті рейтингілік бағасы жоқ Қазақстан Республикасының резидент ұйымдарының және		100	

	Standard & Poor's агенттігінің "BBB+" -тен "BB-"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдарының дебиторлық берешегі			
44.	Жеке тұлғалардың дебиторлық берешегі		100	
45.	Standard & Poor's агенттігінің "BB+"-тен "B"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің және тиісті рейтингілік бағасы жоқ елдердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар		100	
46.	Standard & Poor's агенттігінің "BBB+" -тен "BB-"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің және тиісті рейтингілік бағасы жоқ елдердің жергілікті билік органдары шығарған бағалы қағаздар		100	

47.	<p>Standard & Poor's агенттігінің "BB+"-тен "B"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары және тиісті рейтингілік бағасы жоқ халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар</p>		100	
48.	<p>Standard & Poor's агенттігінің "A-" төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент ұйымдары, тиісті рейтингілік бағасы жоқ Қазақстан Республикасының резидент ұйымдары және Standard & Poor's агенттігінің "BBB+"-тен "BB"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдары шығарған бағалы қағаздар</p>		100	
	<p>Сауда-саттықты ұйымдастырушы баланста ұстап тұратын және Standard & Poor's агенттігінің "BBB+"</p>			

49.	-тен "BBB-"-ке дейінгі кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша "kzBBB+" -тен "kzBBB-"-ке дейінгі рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі б а р секьюритилендіру позициялары		100	
50.	Төлемдер бойынша есеп айырысулар		100	
51.	Негізгі құрал-жабдықтар		100	
52.	Материалдық қорлар		100	
53.	Сыйақы және шығыстар сомасын алдын ала төлеу		100	
V топ				
54.	Сауда-саттықты ұйымдастырушының негізгі қызметінің мақсаты үшін сатып алынған және 38 Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес келетін лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз ету		100	
55.	Standard & Poor's агенттігінің "B-" төмен тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас		100	

	деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріндегі салымдар			
56.	Standard & Poor's агенттігінің "B-" төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарындағы салымдар		100	
57.	Standard & Poor's агенттігінің "BB-" төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдарындағы және тиісті рейтингілік бағасы жоқ Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдарындағы салымдар		100	
58.	Standard & Poor's агенттігінің "BB-" төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдарының және тиісті рейтингілік бағасы жоқ Қазақстан Республикасының бейрезидент		100	

	ұйымдарының корреспонденттік шоттарындағы салымдар			
59.	Осы қосымшаның ескертуінде көрсетілген шет мемлекеттердің аумағында тіркелген Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдарындағы салымдар		100	
60.	Осы қосымшаның ескертуінде көрсетілген шет мемлекеттердің аумағында тіркелген Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдарының корреспонденттік шоттарындағы ақша		100	
61.	Standard & Poor's агенттігінің "BB-" төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдарының және тиісті рейтингілік бағасы жоқ Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдарының дебиторлық берешегі		100	
62.	Осы қосымшаның ескертуінде көрсетілген шет мемлекеттердің аумағында тіркелген Қазақстан Республикасының бейрезидент		100	

	ұйымдарының дебиторлық берешегі			
63.	Standard & Poor's агенттігінің "B-" төмен тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтері шығарған бағалы қағаздар		100	
64.	Standard & Poor's агенттігінің "BB-" төмен тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің жергілікті билік органдары шығарған бағалы қағаздар		100	
65.	Standard & Poor's агенттігінің "B-" төмен борыштық рейтингі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар		100	
